

Асфальттан немесе соған ұқсас материалдардан жасалған орамдардағы жабын және қаптама материалдарының импортына қатысты істі қарауды бастау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қазандағы N 1027 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда және туристік қызметті реттеу комитеті:

1) ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН 6807101000 кодымен жіктелетін асфальттан немесе саған ұқсас материалдардан (мысалы, мұнай битумынан немесе тас көмір піспесінен) жасалған орамдардағы жабын және қаптама материалдарының импортына қатысты істі қарауды бастасын;

2) істі қарау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН 6807101000 кодымен жіктелетін асфальттан немесе соған ұқсас материалдардан (мысалы, мұнай битумынан немесе тас көмір піспесінен) жасалған орамдардағы жабын және қаптама материалдарының импортын лицензиялауды жүзеге асырсын;

3) он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Комитетін істі қараудың басталғандығы туралы хабардар етсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі